

ӘОЖ 372.891

## «INQUIRY-BASED LEARNING» МЕКТЕП МҰҒАЛІМІНІҢ ФАСИЛИТАТОРЛЫҚ РӨЛІ

**Қамитова Т.**

2-курс магистранты, География білім беру бағдарламасы,  
К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі:** Кубесова Г.Т. - г.ғ.к., доцент

*Бұл мақалада «Inquiry-Based Learning» (зерттеуге негізделген оқыту) тұжырымдамасы аясында білім беру үдерісін ұйымдастырудағы мұғалімнің фасилитаторлық рөлі жан-жақты қарастырылады. Зерттеуге бағдарланған оқыту жағдайында мұғалім тек ақпарат беруші емес, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырушы, бағыт-бағдар беруші және оқу үдерісін ұйымдастырушы тұлға ретінде сипатталады. Мақалада мұғалімнің оқушылардың дербес ізденісін дамытудағы, сыни ойлау қабілеттерін қалыптастырудағы және зерттеу дағдыларын жетілдірудегі негізгі қызметтері талданады. Сонымен қатар, фасилитаторлық тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқу үдерісінің сапасын арттырудың педагогикалық мүмкіндіктері көрсетіледі. Оқушылардың өз бетінше білім алуына жағдай жасау, сұрақ қою мәдениетін дамыту және зерттеушілік қызығушылығын қолдау мәселелері де ерекше назарға алынады. Мақала нәтижелері зерттеуге бағдарланған оқытуды тиімді ұйымдастыруда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.*

**Кілт сөздері:** «Inquiry-Based Learning», зерттеуге бағдарланған оқыту, мұғалімнің фасилитаторлық рөлі, зерттеу дағдылары, педагогикалық фасилитация, танымдық белсенділік.

### *Kіpіcne*

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушыларды тек дайын білімді меңгеруші емес, өз бетінше ізденетін, ғылыми тұрғыда ойлай алатын тұлға ретінде қалыптастыру негізгі басымдықтардың бірі болып табылады. Осыған байланысты оқушылардың зерттеу жүргізу дағдыларын, танымдық дербестігін және сыни ойлау қабілетін дамыту - білім берудің маңызды құрамдас бөлігіне айналуға. Зерттеуге бағдарланған оқыту оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына мүмкіндік беріп, олардың саналы әрі терең меңгеруіне жағдай жасайды. Қазіргі экономика, заманауи технологиялар мен цифрлық желілердің қолданылуы, сондай-ақ оқу туралы ғылым саласындағы жаңалықтар білім берудің жаңа үлгілерін талап етеді.

«Inquiry-Based Learning» (ізденіске негізделген оқыту) жүйесіндегі мұғалімнің фасилитаторлық рөлі дегеніміз - мұғалімнің білімді дайын күйінде беруші емес, оқушының зерттеу процесін бағыттаушы, қолдаушы, ұйымдастырушы тұлға болуы.

Фасилитатор - бұл оқушының өз бетімен білім алуына жағдай жасайтын жетекші. Мұғалімнің фасилитатор мәнін келесі компоненттер құрайды: оқушыларға проблемалық сұрақтар қою; зерттеу тапсырмаларын ұйымдастыру; бағыт беру; топтық жұмысты үйлестіру; оқушылардың ойлауын, талдауын, қорытынды жасауын қолдау; рефлексия жүргізуге көмектесу. Қазіргі кезде осы аталған әдісті мектепте қолданып, іс жүзінде іске асырып, күшейту, мұғалімдердің басты бағыттары болып саналады.

Гарвард, MIT секілді жетекші университеттер өздерінің үздік ғалымдары жүргізетін дәрістерді ашық түрде онлайн жариялауда. Мұндай жағдайда мұғалім немесе оқулық білімнің жалғыз көзі бола алмайтындығын көруге болады. Цифрлық желілер мектеп қабырғасын «ашып», оқушыларға ақпарат жинау, тікелей байланыс орнатудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Канада мен АҚШ-тағы білім беру жүйелерінде «зерттеу» ұғымы жалпы пәндік бағдарламаларда маңызды орын алады. Көптеген пәндік оқу бағдарламаларында «inquiry» ұғымы жаратылыстану пәндерінде негізгі компонент ретінде қарастырылады. Мысалы, бірқатар әлеуметтік ғылымдар бағдарламасында бұл пән «мәселеге бағытталған және зерттеуге негізделген пән» ретінде сипатталады.

Friesen, S. & Scott, D зерттеушілері «inquiry-based learning әдісін» бірнеше ұқсас педагогикалық бағыттармен байланыстырады. Олардың қатарына аутентті интеллектуалдық жұмыс, пәнге негізделген зерттеу, жобалық, проблемалық оқыту, дизайнға негізделген және challenge-based learning тәсілдері жатады [1;2]. Бұл бағыттардың барлығы оқушыны білімнің пассивті тұтынушысы емес, оны құрастырушы субъект ретінде қарастырады.

Оқушылардың зерттеушілік әлеуетін дамыту оқу мотивациясын арттырып қана қоймай, олардың проблемаларды анықтау, сұрақ қою, дерекпен жұмыс істеу және қорытынды жасау сияқты әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастырады. Мұндай дағдылар қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында білім алушылардың өмір бойы білім алуына, кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуына негізін құрайды.

«Inquiry-Based Learning» әдісінің маңызды артықшылығы - мұғалімнің рөлін түбегейлі қайта қарастыруында. Бұл тәсіл аясында мұғалім білімді тікелей жеткізуші емес, оқушылардың зерттеу әрекетін бағыттаушы, қолдаушы және ұйымдастырушы фасилитатор ретінде әрекет етеді. Мұндай педагогикалық ұстаным оқушылардың оқу үдерісіндегі жауапкершілігін арттырып, зерттеу дағдыларының қалыптасуына және ғылыми ойлаудың дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Алайда, теориялық еңбектердің болуына қарамастан, «Inquiry-Based Learning» жағдайындағы мұғалімнің фасилитаторлық рөлі мектеп

тәжірибесінде жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осыған байланысты зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады.

«Inquiry-Based Learning» (зерттеуге негізделген оқыту) тұжырымдамасы педагогика мен психология ғылымында терең теориялық және эмпирикалық зерттеулерге негізделген. Бұл әдістің қалыптасуы мен дамуына әр кезеңде түрлі шетелдік ғалымдар үлес қосуда (Кесте 1). Ол ХХ ғасырдың ортасында американдық психология мен білім беру теориясының классигі Джон Дьюи (John Dewey) еңбектерінде пайда болды. Дьюидің пікірінше, оқу - бұл белсенді зерттеу, өмір тәжірибесімен байланысқан оқу әрекеті болуы тиіс. Ол «оқу – әрекет емес, ойлау» деп көрсетті.

1-кесте. «Inquiry-Based Learning» зерттеген ғалымдар

Ғалым / Авторы	Негізгі үлес
Джон Дьюи (John Dewey)	«Inquiry-based learning» философиялық және психологиялық негізін салушы
Жером Брунер (Jerome Bruner)	Оқуда белсенді құрастырушы рөлін көрсеткен
Лесли Лайт (Leslie Light)	STEM-дәстүрлі оқытудың қолданысына қатысты зерттеулер
Синди Хмело-Сильвер (C.Hmelo-Silver)	«Inquiry-Based Learning» когнитивтік үлгісін зерттеген

Осы көзқарас IBL-дің негізіне айналды. Кейін бұл бағыт конструктивистік педагогикамен байланысып, оқушы білімді өздігінен құрастыратын, білім беру мазмұнын белсенді меңгеретін субъект ретінде көрсетеді [3].

О. В. Бережная мен Н. З. Смирнованың айтуынша, зерттеу сабағының құрылымы келесі кезеңдерден тұрады:

- зерттеу мақсатын оқушылардың өздері анықтауы;
- өз бетінше ізденіс әрекеті;
- сараланған топтық жұмыс;
- алынған мәліметтерді талдау;
- нәтижелерді талқылау;
- зерттеу жұмысы бойынша қорытынды жасау;
- сабақтың қорытындысын шығару;
- үй тапсырмасын беру.

Зерттеу сабағының басты нәтижесі – интеллектуалдық, шығармашылық өнім, яғни жаңа білім. Мұндай сабаққа оқушылар дәстүрлі оқу сабақтарында теориялық дайындық алу арқылы келеді (Кесте 2).

2-кесте. Дәстүрлі оқыту мен зерттеуге бағдарланған оқытудың салыстырмалы сипаттамасы

Дәстүрлі оқыту	Зерттеуге бағдарланған оқыту «Inquiry-Based Learning»
Оқу мазмұны мұғалім тарапынан жүйеленіп, дайын күйінде ұсынылады.	Оқу мазмұны оқушылардың сұрақ қоюы, ізденуі және талдауы арқылы біртіндеп ашылады.
Білім беру үдерісінде ақпарат көзі ретінде мұғалім негізгі рөл атқарады.	Мұғалім бағыттаушы және ұйымдастырушы қызмет атқарып, ақпарат көздері алуан түрлі болады.
Оқушылар берілген теорияны қабылдап, есте сақтауға басымдық береді.	Оқушылар ақпаратты салыстырады, дәлелдейді, қорытынды жасайды және оны қайта құрастырады.
Сабақ құрылымы алдын ала қатаң жоспарланып, өзгеріс аз енгізіледі.	Сабақ барысы зерттеу логикасына сай икемді болып, оқу үдерісі барысында өзгеруі мүмкін.
Дұрыс жауап алдын ала белгілі, қателікке жол бермеу басты мақсат саналады.	Қате - танымдық дамудың табиғи бөлігі ретінде қарастырылады және ойлауды жетілдіру құралына айналады.
Оқу нәтижесі көбіне репродуктивті деңгейде (қайта айту, түсіндіру) бағаланады.	Оқу нәтижесі аналитикалық және шығармашылық әрекет арқылы (талдау, дәлелдеу, модельдеу) бағаланады.
Оқушы оқу үдерісінде орындаушы позициясында қалады.	Оқушы – зерттеу субъектісі, шешім қабылдауға қатысушы тұлға ретінде танылады.

### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Теориялық әдістерге «Inquiry-Based Learning» және мұғалімнің фасилитаторлық қызметі бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау және жалпылау жатады.

Эмпирикалық зерттеу бөлімі педагогикалық бақылау, мұғалімдер арасында сауалнама жүргізу, оқу тапсырмалардың орындау, алынған нәтижелерді талдау қамтылды.

Зерттеу нәтижесінде алынған, интеллектуалдық, шығармашылық өнім, келешекте кәсіби білімнің айрықша орны болуы мүмкін.

### *Нәтижелер және оны талдау*

Географияны оқытуда зерттеу әдісін (Inquiry-Based Learning) іске асыру барысында туындайтын қиындықтарды анықтау мақсатында география пәні мұғалімдері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға география пәнінің мұғалімдері, барлығы 32 педагог қатысты. Сауалнама Google Forms платформасы арқылы онлайн форматта ұйымдастырылды. Алынған нәтижелер пайыздық көрсеткіштер арқылы өңделіп, статистикалық талдау жасалды (Сурет 1).

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, зерттеу әдісін сабақ барысында қолданудағы ең өзекті мәселе - оқушылардың зерттеу қызметіне деген мотивациясы мен қызығушылығының төмендігі болып табылады (22,2%). Респонденттердің 20%-ы сабақ уақытында толыққанды зерттеу жүргізуге кейде уақыттың жетіспейтіні байқалды.

Сонымен қатар, мұғалімдер зерттеуге дайындық жүргізу, оны ұйымдастыру және оқушылардың зерттеу жұмыстарын тексеруге уақыттың көп кетуін маңызды мәселе ретінде көрсеткен. Осындай пайыздық үлесті 14,4% білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының әлсіздігі құрайды.


Респонденттердің 11,2%-ы оқу-зерттеу үдерісінде туындайтын танымдық қиындықтарды еңсеруге оқушылардың құлшынысының төмен екенін атап өтсе, 10%-ы оқушылардың зерттеу жүргізуге қажетті базалық оқу әрекеттерін жеткіліксіз меңгергенін көрсеткен. Ал оқушылардың оқу сауаттылығы деңгейінің төмендігі 8% респондент тарапынан белгіленген.

Жалпы, сауалнама нәтижелері географияны оқытуда зерттеу әдісін тиімді іске асыру үшін уақыттық ресурстарды оңтайландыру, оқушылардың мотивациясын арттыру және материалдық-техникалық базаны нығайту қажеттігін көрсетеді.

Сауалнама үш құрылымдық бөлімнен тұрды. Бірінші бөлім респонденттердің демографиялық сипаттамаларын анықтауға бағытталды. Бұл бөлімде педагогтердің еңбек өтілі, жұмыс орнының орналасуы (қала немесе ауыл мектебі), сондай-ақ біліктілік санаты туралы мәліметтер жинақталды. Аталған деректер зерттеу нәтижелерін салыстырмалы талдау және педагогтердің кәсіби тәжірибесіне байланысты айырмашылықтарды анықтау мақсатында қолданылды.

Екінші бөлім «Inquiry-Based Learning» тәсілін қолдану тәжірибесіне арналды. Бұл бөлімде мұғалімдердің сабақ барысында IBL әдісін қолдану-қолданбауы, сондай-ақ оны қолдану жиілігі (жүйелі, кейде, сирек) анықталды. Аталған сұрақтар зерттеуге бағдарланған оқытудың практикадағы таралу деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.

Үшінші бөлім зерттеу әдісін оқу үдерісіне енгізу барысында кездесетін қиындықтарды айқындауға бағытталды. Респонденттерге бірнеше жауап нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді. Сонымен қатар, кейбір сұрақтар көп таңдаулы форматта ұсынылып, мұғалімдердің пікірін неғұрлым толық сипаттауға жағдай жасалды.



1-сурет. Географияны оқытуда зерттеу әдісін іске асырудағы қиындықтар



2-сурет. Тапсырмаларды құрастырудың негізгі принциптері

Зерттеуге бағдарланған оқыту «Inquiry-Based Learning» сабақ құрылымы бірнеше өзара байланысты кезеңдерден тұрады (Кесте 3).

3-кесте. География сабағында «Inquiry-Based Learning» әдісін қолдану қадамдары

Кезең	Уақыты	Мұғалімнің (фасилитатор) іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Қолданылатын құралдар
Ориентация	5 мин	Зерттеу сұрағын ұсынады, аумақты көрсетеді	Бақылап, болжам айтады	Google Earth
Концептуализация	10 мин	Топқа бөліп, тапсырма береді	Сұрақты нақтылап, гипотеза ұсынады	Padlet

Зерттеу	20 мин	Бағыттаушы сұрақтар қояды	Деректерді жинап, салыстырады	Google Earth, NASA EO, ArcGIS Online
Қорытынды	10 мин	False Data Inquiry әдісін қолданады	Нәтижені талдап, таныстырып, қорытынды жасайды	Карта, диаграмма
Рефлексия және бағалау	5 мин	Кері байланыс береді	Рефлексия жасайды	Қалыптастырушы бағалау

Цифрлық платформалармен біріктірілген «Inquiry-Based Learning» моделі зерттеу әрекетін заманауи цифрлық ортада ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілде inquiry кезеңдері (бағдарлау, мәселені тұжырымдау, зерттеу, талдау, қорытынды жасау) кеңістіктік деректермен, визуалды аналитикамен және онлайн бірлескен құралдармен ұштастырылады. Нәтижесінде оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, нақты деректермен жұмыс істеу арқылы зерттеу, талдау және цифрлық құзыреттіліктерін кешенді түрде дамытады (Сурет 3).



3-сурет. Цифрлық платформалармен интеграцияланған зерттеуге негізделген оқыту моделі

География пәні үшін бұл модельдің әлеуеті ерекше. Себебі география кеңістіктік ойлауға, аумақтық байланыстарды түсінуге және деректерді карта арқылы талдауға негізделген ғылым. Мысал ретінде «Ақтөбе облысындағы экологиялық проблемалар» тақырыбын алуға болады. Сабақтың бастапқы кезеңінде (orientation) Google Earth арқылы облыстың өндірістік аймақтары, карьерлер, мұнай-газ кен орындары немесе атмосфералық ластану ошақтары визуалды түрде көрсетіледі. Нақты аумақты көру оқушыларда проблеманы

«сезіну» әсерін тудырады және зерттеу сұрағын табиғи түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы: «Өнеркәсіптік аймақтардың орналасуы халық тығыздығына қалай әсер етеді?» немесе «Ластану деңгейі мен су ресурстарының сапасы арасында байланыс бар ма?».

Келесі кезеңде (investigation) ArcGIS Online платформасында қабаттармен жұмыс жүргізіледі: халық саны, өндірістік нысандар, су көздері, экологиялық көрсеткіштер сияқты деректер бір картада біріктіріледі. Оқушылар әртүрлі қабаттарды қосу және салыстыру арқылы кеңістіктік заңдылықтарды анықтайды. Бұл жерде зерттеу әрекеті нақты деректерге негізделеді, ал оқушы зерттеуші субъект ретінде әрекет етеді.

#### *Қорытынды*

Зерттеуге бағдарланған оқытуға негізделген «Inquiry-Based Learning» тәсілі қазіргі білім беру үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін, дербес ізденісін және ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы. География пәнінің мазмұны кеңістіктік ойлау мен деректерді талдауға негізделгендіктен, «Inquiry-Based Learning» әдісін қолдану пәннің танымдық әлеуетін толық ашады. Зерттеуге бағдарланған оқу үдерісінде мұғалімнің рөлі түбегейлі өзгереді. Мұғалім ақпарат көзі қызметінен бас тартып, оқу үдерісін ұйымдастырушы, бағыттаушы және қолдаушы фасилитатор ретінде әрекет етеді. Сабақ барысында мұғалім зерттеу сұрақтарын ұсыну, оқу ортасын құру, цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету және оқушылардың рефлексия жасауына жағдай туғызу арқылы зерттеу әрекетінің тиімділігін арттырады. Бұл фасилитаторлық қызмет оқушылардың оқу әрекетіне жауапкершілікпен қарауына және өз білімін саналы түрде құрастыруына ықпал етеді. Практикалық бөлімде география пәні негізінде өткізілген зерттеу моделі «Inquiry-Based Learning» тәсілінің оқу үдерісіне сәтті енгізілу мүмкіндігін көрсетеді. Google Earth, ArcGIS Online, NASA Earth Observatory, Padlet сияқты заманауи цифрлық платформаларды қолдану оқушылардың кеңістіктік талдау, деректерді салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Friesen, S. & Scott, D. (2013). Inquiry-Based Learning: A Review of the Research Literature. Paper prepared for the Alberta Ministry of Education. June 2013. Galileo Educational Network, University of Calgary.
2. Полат, Е. С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования : учеб. пособие для студ. пед. вузов. – Москва : Академия, 2019. – 272 с.
3. Хуторской, А. В. Современная дидактика : учебник для вузов. – Москва : Юрайт, 2020. – 336 с.

## **ФАСИЛИТАТОРСКАЯ РОЛЬ УЧИТЕЛЯ В КОНТЕКСТЕ «INQUIRY-BASED LEARNING»**

**Камитова Т.**

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова

**Научный руководитель:** Кубесова Г.Т. - к.г.н., доцент

*В данной статье всесторонне рассматривается фасилитаторская роль учителя в организации образовательного процесса в рамках концепции «Inquiry-Based Learning» (обучение на основе исследования). В условиях исследовательски ориентированного обучения учитель выступает не только как источник информации, но и как организатор учебного процесса, направляющий и активизирующий познавательную деятельность учащихся. В статье анализируются основные функции учителя в развитии самостоятельной познавательной деятельности учащихся, формировании критического мышления и совершенствовании исследовательских навыков. Также раскрываются педагогические возможности повышения качества обучения посредством эффективного применения фасилитаторских подходов. Особое внимание уделяется созданию условий для самостоятельного получения знаний, развитию культуры постановки вопросов и поддержке исследовательского интереса учащихся. Результаты статьи позволяют сформулировать практические рекомендации по совершенствованию профессиональной компетентности учителя в условиях исследовательски ориентированного обучения.*

**Ключевые слова:** «Inquiry-Based Learning», исследовательски ориентированное обучение, фасилитаторская роль учителя, исследовательские навыки, педагогическая фасилитация, познавательная активность.

## **THE FACILITATOR ROLE OF A SCHOOL TEACHER IN THE CONTEXT OF INQUIRY-BASED LEARNING**

**Kamitova T.**

K. Zhubanov Aktobe Regional University

**Scientific supervisor:** Kubessova G.T. - Candidate of Geographical Sciences, Associate Professor

*This article comprehensively examines the facilitator role of a teacher in organizing the educational process within the framework of the «Inquiry-Based Learning» concept. In the context of inquiry-oriented learning, the teacher is not only a source of information but also acts as a guide, organizer, and activator of students' cognitive activity. The article analyzes the main functions of the teacher in developing students' independent learning, fostering critical thinking, and improving research skills. It also highlights the pedagogical potential of enhancing the quality of education through the effective application of facilitation approaches. Special attention is paid to creating conditions for independent knowledge*

*acquisition, developing a questioning culture, and supporting students' research interest. The results of the study provide an opportunity to formulate practical recommendations aimed at improving teachers' professional competencies in inquiry-based learning environments.*

**Keywords:** Inquiry-Based Learning, inquiry-oriented learning, teacher's facilitator role, research skills, pedagogical facilitation, cognitive activity.

## REFERENCES

1. Friesen, S., & Scott, D. (2013). Inquiry-Based Learning: A Review of the Research Literature. Paper prepared for the Alberta Ministry of Education. Galileo Educational Network, University of Calgary.
2. Polat, E.S. New Pedagogical and Information Technologies in the Education System: Textbook for Students of Pedagogical Universities. Moscow: Akademiya, 2019. 272 p.
3. Khutorskoy, A.V. Modern Didactics: University Textbook. Moscow: Yurait, 2020. 336 p.